

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының радиожіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы" 2007 жылғы 30 маусымдағы № 549 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2008 жылғы 21 қарашадағы № 1080 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 857 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 433 қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы № 1080 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 44, 500-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамын дамыту мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің құрамына:

Келімбетов - Қазақстан Республикасының Экономикалық

Қайрат Нематұлы даму және сауда министрі енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Жанар Сейдахметқызы Айтжанова шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов